ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТІРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕР КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ
(«МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

03.07.2025 № 01-01-11/3408

Seguro comp ЖК
Жанабергенов Ж.Б.
Email: info@seguro.kz

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) «Мемсараптама» РМК филиалдары үшін серверді мемлекеттік сатып алу №14896402-1 (№73300672-ОК2, 73302336-ОК2, 73302410-ОК2 73300749-ОК2 лоттары) сатып алуға қатысты 2025 жылғы 27 маусымдағы №262118 шағымыңызды қарап, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 12-бабының 3-тармағына сәйкес Конкурстық құжаттама, аукциондық құжаттама, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпарат сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшеліктің талаптарын (қысқаша сипаттаманы) қамтуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сай келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылуға тиіс.

«Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі» нысаны *(бұдан әрі – Техникалық ерекшелік)* Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды

жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымшаның құрамдас бөлігі болып табылатын конкурстық құжаттамаға 13-қосымшамен бекітілген.

Өз кезегінде, Техникалық ерекшелікте оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар қамтылады (Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және бермегені үшін бас тартуына жол берілмейді).

Осылайша, әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді зерделеу процесінде конкурсты ұйымдастырушыда «SoftNet» ЖШС-дан (2025 жылғы 20 маусымдағы №34/03-4) авторизациялық хат ұсынған конкурсқа қатысу үшін «ED LOGIC» ЖШС-ның өтінімін қабылдамау үшін негіз болмады.

Осыған орай, 2025 жылғы 27 маусымдағы № 262118 шағымда көрсетілген дәлелдер қанағаттандырусыз қалдырылды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор
РГП "Госэкспертиза"



Орынд.: Жакупов Т.Б.
8-711-2-30-41-35

Жумашова М.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"



Шарипова Ж.М.
Начальник отдела
РГП "Госэкспертиза"



У А.Л.
Заместитель руководителя комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"



Жакупов Т.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"